



«Күншуақ»
бөбекжай-бақшасы» МКҚК
меңгерушісі  Ж.А.Курманова
«_____» _____ 2025 жыл



№1 «Еркетай» кіші тобы

Тақырыбы: «Қош келдің Жаңа жыл»

Тәрбиешілер: Кульманова Ж.Б

Байбулова М.А

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Таңғажайып жаңа жыл»

Мақсаты: Балаларға жаңа жыл туралы түсінік беру. Аяз Ата сыйлық беретінін айтып, балаларды қуанышқа бөлеу. Шыршаның әсемдігіне назар аударып, ойыншықтардың әдемілігіне қызықтыру. Әндер, билер арқылы балаларды өнерге талпындыру

Жүргізуші: Жаңа жыл келді міне жерімізге,

Әкелсін құт береке елімізге

Жақсылықпен қуаныш жылы болып

Қиындық жолатпасын бәрімізге.

Құрметті қонақтар, балалар жаңа жыл мерекесі құтты болсын! Бүгінгі жаңа жыл ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

-Балалар қараңдаршы біздің шыршамыз қандай әдемі. Бірақ балалар бүгінгі мерекеміздің сәнін келтіретін біздің Аяз атамыз бен Ақшақарымыз әлі келми жатыр ия, мүмкін бізді естімей жатыр ма екен?! Қанеки бәріміз бірге шақырайықшы:

-АЯЗ АТА !!! АҚШАҚАР!!! (Зрет)

Әуенмен Аяз ата кіреді. (Ақшақар)

Аяз ата: О-хо-хо-хо

Құрметті қонақтар, сүйкімді бүлдіршіндер

Асулармен алысқан,

Асау желмен жарысқан.

Аталарың сендерге ,

Шаршап келді алыстан.

Амансыңдар ма балалар! Жаңа жыл құтты болсын қонақтар! Жаңа жыл мол табыс әкелсін!

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе Аяз ата! Сәлеметсіз бе Ақшақар! Рахмет тілектеріңізге.

Аяз ата: Балалар, шыршаларың қандай сұлу, қандай әдемі, керемет екен. Бірақ мына, сұлу шыршаларыңның шамы жарқырамай тұр ғой. Қазір біз бұл қателікті түзейміз, ол үшін балалар, бәріміз бірге сикырлы сөз айтуымыз керек.

Шамшырық, шамшырақ

Жайна шырша жарқырап!

(балалар Аяз атамен 3 рет сикырлы сөзді айтады. Шырша шамы жанады)

Ән: «Кішкентай шыршамыз»

Жүргізуші: Аяз ата біздің балалардың бүгінгі мерекеге арнаған тақпақтары бар, қабыл алыңыз.

Айару: Аппак, аппак, жапалақтап

Қар жауады тынбастан

Қалың орман қар жамылған

Маужырайды түнгі аспан.

Сальсабиль: Кел билейік, үйренейік

Ол келгенше жаңа жыр.

Құтты болсын, құтты болсын,

Құтты болсын жаңа жыл.

Б.Нұрислам: Жаңа жыл, жаңа жыл

Жаңа жылда – жаңа жыр.

Жасыл шырша жанында
Жадырап бар бала жүр.

Аяз ата: Ойй балалар, қандай өнерлі едіңдер, шаршағаным тез басылды ғой.

Жүргізуші: Аят ата бұл тек басы, біздің балалар тек тақпақ айтып, ән шырқап қана қоймай, биде билейді, ойында ойнайды.

Аяз ата: Олай болса би билейік бәріміз!

Ойын: «Шыршаны безендір»

Би: «До Ре Ми»

Шырша түбінен қоянның жылаған дауысы естіледі.

Жүргізуші: Аяз ата тыңдаңызшы, бұл кімнің дауысы жылап жатқан? Жаңа жылда жылауға бола ма балалар?!

Шырша түбінен қоян шығады.

Қоян: Аяз ата бұл мен-Қоянмын.

Аяз ата: Қоян сенің неге көңіл-күйің түсіп кеткен?

Қоян: Мен сендерді қымай тұрмын, бірақ кетуім керек... сол үшін көңіл-күйім болмай тұрр

Аяз ата: Балаларым ойын ойнауға қалай қарайсыңдар? Қоянымыздың көңілін көтеріп, қанжығасын майлап жіберейік. Менің сәбіз толы алқабымнан қоянға мол етіп сәбіз жинап берейік.

Ойын: «Сәбіз жинау»

Қоян сәбіз толы себетін алып, алғысын айтып кетеді.

Жәй музыка ойнап, ішке Ұлу кіреді.

Аяз ата: Балаларым, Қоян жылын шығарып салдық, ендеше келе жатқан жылымыз Ұлуды қарсы алайық!

Ұлу: Балаларым балғыным

Өмір гүлім шалғыным

Тілегенім жыл бойы

Сендерді көргенім!

-Амансыңдар ма балалар, армысыңдар қонақтар! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын! Жаңа жыл мол ырыс бақыт әкелсін!

Жүргізуші: Қош келдің Ұлу!

Әуелі әніміз, жаңа кірді сәніміз

Ұлуды ортаға алып билейікші бәріміз.

Ән: «Жаңа жылды қарсы аламыз»

Ұлу: Ал балалар тұрмайық

Ойын біздер ойнайық!

Аяз ата қуансын

Дөңгеленіп зырлайық.

Би: «Жаңа жыл»

Аяз ата: Балалар қандай керемет, биді де биледіндер, әнді де айттындар, таппақта біледі екенсіңдер, ойынды да ойнайды екенсіңдер! Сендерге менде құр кол келмедім, сыйлықтарым бар. –Қане Ақшақар, Ұлу балаларға тәттілерін таратып қуантайық.

(сыйлықтар таратылады)

Аяз ата: Олай болса балалар мен Ақшақарымды алып мерекені одан әрі жалғастырайын. Жаңа Ұлу жылдарың құтты жыл болсын! Сау болыңыздар!

Жүргізуші: Сау болыңыздар Аяз ата, Ақшақар! Құрметті қонақтар осымен «Ақбота» тобының Жаңа жылдық ертеңгілігі өз мәресіне жетті. Уақыт бөлгендеріңізге рахмет! Сау болыңыздар!

